аптаалық облыстық ақпаратты-жарнамалық газеті * еженедельная областная информационно-рекламная газета

# ПРИОЗЁРСКИЙ Вестник

№ 38/474
23 сентября 2016 года
газета издается с 26.06.2004 года

ҚАЗАҚСТАН БАСПАСӨЗІНІҢ ДАЙДЖЕСТІ *** ДАЙДЖЕСТ КАЗАХСТАНСКОЙ ПРЕССЫ

## АСТАНАДА ЭКСПО-2017 ҮШІН ЕРІКТІЛЕРДІ ҚОСЫМША ІРІКТЕУ ЖАРИЯЛАНДЫ

**Астана қаласы, 20 қыркүйек 2016 жыл**

**Астанада ЭКСПО-2017 үшін еріктілерді іріктеудің екінші кезеңі басталды. Бұған дейін тестілеуден өткен 3000 еріктілер қатарына тағы да мың жарымы қосылатын болады. Мұндай қажеттілік көрме аясында бірқатар ауқымды халықаралық деңгейдегі форумдар мен іс-шаралар өткізілетіндіктен туындап отыр.**

Айталық, Бүкіләлемдік туристік ұйыммен бірлесе отырып, туристік форумның өткізілуі туралы келісімге келді, сондай-ақ, дүние жүзінің 165 мемлекеті қатысатын World Boxing Council Конвенциясының 55 жылдық мерейтойы мен кәсіби бокс кешін ұйымдастыру бойынша меморандумға қол қойылды.

Тағы бір себеп – қатысушылар көлемін ұлғайту. Бүгінгі таңда халықаралық мамандандырылған көрмеге қатысатындығын 103 мемлекет пен 17 халықаралық ұйым растады. Тағы да бірнеше мемлекеттермен жұмыс атқарылып жатыр.

Сонымен қатар, кейбір мамандар пікірінше қатысушылар санының ұлғаятындығы келтірілуде.

Алғашқы тестілеуді ЖОО студенттері өтеді. Өңірлер мен Алматы қаласынан қатарға қосылғысы келетін еріктілер үшін әңгімелесу күздің аяғына таман ұйымдастырылады.

ЭКСПО-2017 еріктісі қатарына 18 толған, алайда 80-нен аспаған кез-келген адам қосыла алады. Талаптардың тағы бірі – қазақ, орыс, ағылшын тілдерін білу. Мәдени іс-шараларда қатысуы құпталады.

Жалпы, келесі жылы 4500-ден аса еріктілерді тарту жоспарланған.

**дереккөз: www.expo2017astana.com**

## ПАРАЛИМПИАДА ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІ СЫЙЛЫҚТЫ ОЛИМПИАДА ЖЕҢІМПАЗДАРЫМЕН БІРДЕЙ АЛАДЫ

**Бұл туралы бүгін ҚР Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы Астанаға оралған Паралимпиада құрамасын қарсы алу кезінде тілшілерге берген сұхбатында мәлім етті.**

-” *Астанада 26 тамызда Рио Олимпиадасының жүлдегерлерімен салтанатты кездесу барысында Президент Паралимпиада қатысушыларының сыйақы қорын Олимпиада қатысушыларының деңгейімен теңестіруді тапсырған болатын. Қазіргі уақытта біз министрлікте барлық қажетті құжаттарды, есептерді, дәлелдемелерді дайындадық. Бүгін республикалық бюджеттік комиссияның отырысы өтеді, сонда бұл құжаттарды растаймыз*”, – деді министр.

Осылайша, бірінші орын үшін сыйақы 5 есе – 50 мыңнан 250 мың АҚШ долларына дейін, екінші орын үшін 4,3 есе – 35 мыңнан 150 мың АҚШ долларына дейін, ал үшінші орын үшін 25 мыңнан 100 мыңға дейін ұлғайтылатын болады.

Еске салайық, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы бойынша, жүлдегерлерге ақшалай сыйақыдан бөлек баспана беріледі. Мәселен, алтын еншілеген спортшыға 3 бөлмелі пәтер, күміс медаль иегеріне 2 бөлмелі, үшінші орынға 1 бөлмелі пәтер берілуі тиіс.

“Паралимпиада ойындарынан алған алтын және күміс медальдар ел тарихының алғашқы жүлделері саналады. Бұл барша Қазақстан үшін үлкен қуаныш. Ең бастысы, әрине, бұл біздің спортшыларымыз үшін үлкен бақыт. Біздің мақсатымызда жалпы медальдік есепке ену болмаған еді, біздің мақсатымыз Риоға 10 жолдама ұтып, Ойындарға қатысу болатын”, – деп ағынан жарылды А. Мұхамедиұлы.

**дереккөз:https://egemen.kz**

## АКИМАТАМ ПОРУЧЕНО НЕ ДОПУСКАТЬ РОСТА ЦЕН НА СОЦПРОДУКТЫ

**Премьер-Министр РК Бакытжан Сагинтаев потребовал от акимов усилить контроль по недопущению роста цен на социально значимые продукты, товары и лекарства, передает Kazpravda.kz.**

-"*Вопрос недопущения необоснованного роста цен на продукты первой необходимости и лекарства должен быть на особом контроле, и надо своевременно реагировать на колебания цен*", – сказал Премьер-Министр РК.

Сагинтаев также отметил слабую эффективность существующих законных рычагов и инструментов воздействия на цены.

-"*В результате в том или ином регионе постоянно происходит всплеск цен на отдельные виды продовольствия,* – продолжил Премьер. – *Это говорит о том, что акимы на местах ослабили контроль и не в полной мере используют имеющиеся рычаги*".

К примеру, с начала текущего года в Северо-Казах-станской области выросли цены на сахар на 23%, гречку – на 31%, соль – на 22%, говядину – на 12%, лук репчатый – на 15%, чай черный – на 24%. По сравнению с другими регионами наблюдается наибольшее повышение цен на хлеб пшеничный – 45% (по РК – 17%), морковь – 19% (по РК – 6%).

В Жамбылской области зафиксирован рост цен по девяти наименованиям продтоваров. Наибольший рост на сахар и картофель среди остальных регионов. С начала года в области выросли цены на гречневую крупу на 51%, овсяную крупу – 13%, хлеб пшеничный – 14%, соль – 12%, мясо птицы – 13%, сыр – 10%, чай – 16%. В сравнении с другими регионами наблюдается наибольшее повышение цен на сахар на 30%, картофель – на 21%.

В Астане с начала года выросли цены на сахар на 28%, перловую крупу – на 27%, гречневая крупа – 32%, хлеб пшеничный – 32%, соль – 17%, говядина – 11%, мясо птицы – 13%, лук репчатый – 10%, лапша – 16%, масло спред – 11%, чай – 34%. Также по сравнению с другими регионами наблюдается наибольшее повышение цен на овсяную крупу – 37%, манную крупу – 25%, вермишель – 24%, рожки – 27%, масло подсолнечное – 19%.

**источник: www.kazpravda.kz**
***(перепечатано с сокращением)***

## РАБОЧАЯ ПОЕЗДКА ПРЕЗИДЕНТА В СКО

**22 сентября Глава государства прибыл с рабочим визитом в Северо-Казахстанскую область, сообщает пресс-служба Акорды.**

Международный аэропорт Петропавловска стал первым объектом области, который посетил Нурсултан Назарбаев. Президент ознакомился с ходом реконструкции взлетно-посадочной поло-



сы и пассажирского терминала. Елбасы подробно проинформировали о ходе проводимых работ по модернизации рулевой дорожки, перрона, осветительного оборудования и пассажирского терминала, а также перспективах дальнейшего развития аэропорта.

Далее, в ходе рабочего визита, Глава государства Нурсултан Назарбаев посетил ТОО "Шағала Агро". Президент ознакомился с деятельностью предприятия по производству сельско-хозяйственных культур, представленными образцами сельскохозяйственной техники, производимой предприятиями Северо-Казахстанской области.



Нурсултан Назарбаев провел беседу с механизаторами и представителями ведущих аграрных компаний области. В ходе встречи были отмечены позитивные изменения в отрасли, произошедшие за годы независимости страны.

-"*Ваше хозяйство доказало, что Северо-Казахстанская область может быть не только монозерновым регионом. На этой земле также хорошо растут все виды масличных культур. В настоящее время в агропромышленном секторе решены все основные проблемные вопросы. Теперь необходимо повышать производительность труда и качество производимой продукции*", – сказал Глава государства.

В завершение беседы с аграриями, Нурсултан Назарбаев пожелал собравшимся плодотворной работы, успехов и благополучия.

**По материалам сайта www.akorda.kz**

## ОТМЕЧАЯ 1000-ЛЕТИЕ АЛМАТЫ

**18 сентября Глава государства Нурсултан Назарбаев в Алматы принял участие в торжественном концерте по случаю празднования 1000-летнего юбилея города.**



Обращаясь к собравшимся, Президент поздравил всех казахстанцев с тысячелетним юбилеем Алматы, подчеркнув историческую значимость события.

-"*Эта дата включена ЮНЕСКО в Календарь памятных и юбилейных дат человечества. Данным решением особо подчеркнута уникальная роль Алматы в региональном и глобальном развитии. Священная земля у подножия вершин Алатау видела немало событий в своей истории. Здесь проходил Великий шелковый путь – первая торговая и общечеловеческая магистраль, соединявшая Восток и Запад, Север и Юг огромной Евразии. Пятьсот пятьдесят лет тому назад земля Жетысу стала колыбелью Казахского ханства. Здесь возник один из главных очагов уникальной урбанистической культуры Центральной Азии*", – сказал Нурсултан Назарбаев.

Глава государства обратил внимание на особую роль Алматы в калейдоскопе событий XX века.

-"*В 1929 году город принял эстафету казахстанских столиц и вырос до мегаполиса-миллионника. Алматы выпала честь быть первой столицей суверенного Казахстана. Поэтому символично, что тысячелетие города мы всенародно празднуем в год 25-летнего юбилея Независимости нашей Родины. В 1995 году на всенародном референдуме здесь была принята Конституция Республики. В этом городе был подписан Закон "О независимости Республики Казахстан". В Алматы была создана Ассамблея народа Казахстана. Именно здесь было принято историческое постановление о новой столице – Астане*", – отметил Президент Казахстана.

Нурсултан Назарбаев заявил, что вопросы социально-экономического развития мегаполиса всегда были в центре внимания государства.

-"*В прошлом году была принята Программа развития города до 2020 года. Это конкретные меры по улучшению жизни горожан, экологической обстановки в городе, созданию благоприятных условий для бизнеса. Современный Алматы стал отражением уверенного и поступательного развития всего Казахстана. Только за 5 предыдущих лет территория города увеличилась в 2 раза. Общая численность жителей – один миллион семьсот тысяч. Алматинский метрополитен уже перевез более 30 миллионов пассажиров. В 2017 году в рамках программы "Нұрлы жол" начнется строительство Большой алматинской кольцевой автодороги. Она будет частью международной магистрали "Западная Европа – Западный Китай". Создана и развивается специальная экономическая зона "Парк инновационных технологий*", – сказал Глава государства.

Нурсултан Назарбаев обратил также внимание на то, что подготовка к Универсиаде придала новый импульс развитию туристической отрасли города, способствуя повышению занятости населения.

**источник: www.kazpravda.kz**
***(перепечатано с сокращением)***

*Сүйінші!*

# ӘРІПТЕСІМІЗ – ЖҮЛДЕГЕР



Күні кеше біздің газетіміздің ұжымы үшін және қала тұрғындары үшін де қуанышты хабар келіп жетті. Газеттің арнаулы тілшісі, ақын **Нұрғали Қыдырмұратұлы Қарабеков** жақында ғана Қарағанды облысы әкімінің «Тіл жанашыры» сыйлығының «Қазақ тілді басылымдар бойынша **«Тіл жаршысы»** номинациясынан жеңімпаз және жүлдегер атанып оралды. Оған аталған номинацияға қоса төрт жүз мың теңгенің сыйақысын Қарағанды қаласындағы «Достық үйінде» өткен салтанатты жиында облыс әкімі Н.Қ.Әбдібековтің өзі табыс етті. Біз өз тарапымыздан Қарағанды облысы бойынша журналистер арасынан озып шыққан әріптесімізді әрі жерлесімізді бұл марапатқа әбден лайық деп санаймыз.

Кәсіби журналист Н.Қ.Карабеков Алматыдағы Әл Фараби атындағы ҚазҰМУ-нің журналистика факультетін бітірген. Жалпы баспасөздегі еңбек жолын 1984-жылы бастаған ол әлі күнге осы саладан табан аудармай жемісті қызмет етіп келеді. Өз шығармашылығында барлық саланы қамтуға қаука-ры жететін кәнігі журналист соңғы жылдары тіл мәселесіне де көңіл бөліп, ауқымды-ауқымды мақалалар жазып жүр. Міне осы ерен еңбегінің жемісін бүгін көріп отыр. Нұрғали Қыдырмұратұлы журналистикамен бірге ақындықты да қатар алып жүрген шығармашылық адамы. Оның жырлары облыстық, республикалық газет-журналдарда жарияланып тұрады және екі жыр жинағы жарық жеке кітап болып көрген. Біз де әріптесімізді жеңісімен, жүлдесімен құттықтай отырып, алдағы қызметтік жолына шығармашылық шабыт тілейміз!

**Бегазы КЕНЖЕБЕКОВ,**
***«Приозерский вестник» газетінің бас редакторы.***
***Суретте: марапаттар иесі Н.Қ.Қарабеков***

*22 сентября – День языков народа Казахстана*

# ЯЗЫК – ЛУЧШИЙ ПОСРЕДНИК ДЛЯ УСТАНОВЛЕНИЯ ДРУЖБЫ И СОГЛАСИЯ

День языков народов Казахстана – это общий праздник Казахстанского народа, проживающего в мире и согласии под одним общим «Шаныраком». У каждого языка своя история, своя судьба, связанная с судьбами других языков. Через язык люди находят друг друга и учатся понимать духовную культуру, обычаи и обряды народа. Языковая политика и ее реализация в стране





зависит от общей человеческой культуры каждого и дружбы народов.

По этому, единство языков, культур – это мощь суверенной республики, монолит на котором



можно строить будущее.

В рамках данного общенародного праздника в отделе обслуживания читателей КГУ «Приозерская городская библиотека» была организована книжная выставка на тему «Язык – душа и бесценная ценность нации». Основной целю выставки являлась разъяснение трехязычной политики государства, уважение своего языка и других языков, ведь каждый гражданин Республики Казахстан имеет право на пользование родным языком, на свободный выбор языка общения, воспитания, обучения и творчества. Выставленные труды писателей говорят о том, что язык воздействует объединению и сплочению наций, является средством воспитания и опорой связывающей взаимоотношения людей. На выставке были и книги по изучению государственного и других языков.

Кроме того был организован диктант среди государственных служащих на темы «Язык – душа и бесценная ценность нации» и «25 лет Независимости Республики Казахстан». В свою очередь в этот день мы желаем всем народностям, проживающим на территории Казахстана, уважать и ценить любого члена общества в независимости от его национальности, родного языка и веро-исповедания.

Изучайте языки, они так важны в современном обществе. Разговаривайте на вашем родном языке, любите его!

**Б. Алшынбекулы**

*Сақтықта қорлық жоқ*

# ҚАУІПСІЗ БАЛАЛЫҚ ШАҚ

Бала - өмір бақыты, ел болашағы, отбасы қуанышы, еліміздің дамуындағы басты кілті. Ендеше оларға қамқорлықпен қарау, оларды қадағалау, не жаман, не жақсы екенін ажырата білгізу ата – ана мен педагог-мамандардың басты міндеті емес пе? Қазақта «бала көргенін істейді» - деп бекер айтпаған, сондықтан айналадағыдан көргені жақсылық болса,



өмірде өкініш те аз болмақ. Көргені жаман іс болса, өкініші көбейеді. Қазақ «жазым аяқ астынан» - дейді, бірақ «сақтықта қорлық жоқ» - деген тағы бар. Әр мақалдың өзіндік астарлы түсінігі болса да, шындықтан алыстамаумыз қажет. Осыған байланысты ағымдағы жылдың 10 тамызы мен 20 қыркүйегі аралығында «Қауіпсіз мектеп» атты республикалық акция жарияланып, оның тұжырымдамасы дайындалды. Бұл акцияның негізгі мақсаты: білім беру ұйымдарында балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оқушылар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу және қауіпсіздік шараларын жетілдіру.

«Балақай» бөбекжайның педагогтары осы акция аясында бүлдіршіндерге қауіпсіздік ережелерін үйрету мақсатында біраз іс-шаралар өткізді. Атап айтсақ, жоғары топ тәрбиеленушілерімен «Менің досым – бағдаршам» тақырыбында ойын-сауық өткізілді. Бұл іс-шара кезінде балалар «Дидактикалық текше» ойыны арқылы қарапайым жол ережелері мен жол белгілері туралы білімдерін ортаға салды. Сонымен қатар ертегі кейіпкерлерімен бірге интерактивті тақтаның көмегімен «Қауіпті заттар әлеміне» саяхат жасады. Бұл саяхат кезінде үйде, көшеде, ойын алаңында, көлікте, су жағалауында кездесетін түрлі қауіп-қатерлер туралы көптеген мағлұмат алды.

Акция кезінде тәрбиеленушілерге қауіпсіздік тақырыбында мультфильмдер көрсетіліп, мақал – мәтелдер, суреттер арқылы әңгімелесу мен дидактикалық ойындар, сюжетті-рөлді ойындар ұйымдастырылды. Педагог мамандарына баланың өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында «Серуен кезіндегі», «Қол өнер кезіндегі», «Дене тәрбиесі кезіндегі» және «Мәдени-гигиеналық машықтарды қалыптастыру кезіндегі» нұсқаулықтар әзірленіп, таныстырылды.



«Қауіпсіз балалық шақ!» ұранымен өткізілген бұл іс-шаралар акциямен шектеліп қана қоймай, балабақша өмірінде ұстанатын негізгі қағидат болып танылатыны сөзсіз.

**Г.Т.Узалина,**
***«Призерск қаласының «Балақай» бөбекжайы» КМҚК директоры***

## ТҰРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА *** К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ

**Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті «Қарағанды облысының Азаматтық альянсы» қоғамдық бірлестігімен бірлесіп «Азаматтық бақылау» мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы аясында «Қоғамдық қабылдау» жобасын жүзеге асырады.**

Қоғамдық қабылдаулар сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелері, соның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының, сондай-ақ мемлекеттік қызмет, мемлекеттік көрсетілетін қызметтер салаларындағы заңнамалардың, мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексінің бұзушылықтарын болдармауда азаматтық бастамалардың орталығы болуға құрылған.

**Қоғамдық қабылдаулар:**

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы

іс-қимыл, мемлекеттік қызмет, мемлекеттік көрсетілетін қызметтер салаларындағы заңнамалар талаптарының сақталуы мәселелері бойынша кеңес беру қызметін атқарады;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті іске асырады;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг қорытындылары бойынша мемлекеттік органдар үшін жылдық және тоқсандық ұсынымдарды қалыптастырады;

сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған ақпараттық және ұйымдастырушылық қызметті іске асырады.

**Қоғамдық қабылдау қызметі 2016 жылдың 15 тамызынан бастап сағ. 10.00-ден 18.00-ге дейін күнделікті негізде (сенбі, жексенбі және мерекелік күндерден басқа) Қарағанды қ., Кеншілер д., 64 құр., 1 қабат, сол қанат мекенжайы бойынша іске асырылатын болады.**

**Департамент Агентства Республики Казахстан по делам государственной службы и противодействию коррупции по Карагандинской области совместно с общественным объединением «Гражданский Альянс Карагандинской области» в рамках государственного социального заказа «Гражданский контроль» реализует проект «Общественная приемная».**

Общественные приемные призваны стать центром гражданской инициативы в вопросах профилактики коррупции, в том числе формирования антикоррупционной культуры, недопущения нарушений законодательства Республики Казахстан о противодействии коррупции, а также в сферах государственной службы, государственных услуг и Этического кодекса государственных служащих.

**Общественные приемные:**

1) оказывают консультативную помощь по вопросам соблюдения требований законодательства Республики Казахстан в сферах государственной службы, государственных услуг, противодействия коррупции и Этического кодекса;

2) осуществляют антикоррупционный мониторинг;

3) формируют годовые и ежеквартальные рекомендации для государственных органов по итогам антикоррупционного мониторинга;

4) осуществляют информационную и организационную деятельность, направленную на формирование антикоррупционной культуры.

**Деятельность Общественной приемной будет осуществляться на ежедневной основе (кроме субботы, воскресенья и праздничных дней) с 15 августа 2016 года с 10.00 до 18.00 час. по адресу г. Караганда, пр. Шахтеров стр. 64 1 этаж, левое крыло.**

**ТҰРҒЫНДАРДЫҢ НАЗАРЫНА *** К СВЕДЕНИЮ НАСЕЛЕНИЯ**

## «ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ 2016 ЖЫЛҒЫ 19 МАМЫРДАҒЫ № 17/6 «ПРИОЗЕРСК ҚАЛАСЫНЫҢ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ 2016 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН БІР ТӘРБИЕЛЕНУШІГЕ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУҒА МЕМЛЕКЕТТІК БІЛІМ БЕРУ ТАПСЫРЫСЫН, ЖАН БАСЫНА ШАҚҚАНДАҒЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ЖӘНЕ АТА-АНАНЫҢ АҚЫ ТӨЛЕУ МӨЛШЕРІН БЕКІТУ ТУРАЛЫ» ҚАУЛЫСЫНА ӨЗГЕРІС ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ».

**Приозерск қаласы әкімдігінің**
**2016 жылғы 18 тамыздағы № 29/1 қаулысы.**
**Қарағанды облысы Әділет департаментінде**
**2016 жылдың 14 қыркүйегінде № 3958 болып тіркелді.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына сәйкес, Приозерск қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1.Приозерск қаласы әкімдігінің 2016 жылғы 19 мамырдағы № 17/6 «Приозерск қаласының мектепке дейінгі ұйымдарындағы 2016 жылға арналған бір тәрбиеленушіге мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерін бекіту туралы» (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің Тізілімінде № 3861 болып тіркелген, 2016 жылғы 1 шілдедегі № 26/462 «Приозерский вестник» газетінде жарияланған) қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2.Осы қаулының орындалуын бақылау Приозерск қаласы әкімінің орынбасары Б.Ә. Қазиеваға жүктелсін.

3.Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

**Қала әкімі Қ. Камзин**

Приозерск қаласы әкімдігінің
2016 жылғы «18» тамыздағы
№ 29/1 қаулысына қосымша

Приозерск қаласы әкімдігінің
2016 жылғы «19» мамырдағы
№ 17/6 қаулысына қосымша

### Приозерск қаласының мектепке дейінгі ұйымдарындағы 2016 жылға арналған бір тәрбиеленушіге мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, жан басына шаққандағы қаржыландыруды және ата-ананың ақы төлеу мөлшері

| № | Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының түрі | Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарындағы тәрбиеленушілердің саны | Мектепке дейінгі ұйымдардағы жан басына шаққандағы бір айға қаржыландыру мөлшері (теңге) | Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарындағы ат-аналардың бір айға ақы төлеу мөлшері (теңге) | Бір тәрбиеленушіге бір айға жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге) |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Мемлекеттік | Мемлекеттік | Мемлекеттік | Мемлекеттік |
| 1. | Балабақша | 460 | 23786 | 2-ден 3 жасқа дейін – 8500<br>3-тен 5 жасқа дейін – 9500<br>5-тен 7 жасқа дейін – 10500 | 23786 |
| 2. | Мектепке дейінгі шағын орталық | 160 | 15129 | 2-ден 3 жасқа дейін – 8500<br>3-тен 5 жасқа дейін – 9500<br>5-тен 7 жасқа дейін – 10500 | 15129 |

## «О ВНЕСЕНИИ ИЗМЕНЕНИЯ В ПОСТАНОВЛЕНИЕ АКИМАТА ГОРОДА ПРИОЗЕРСК ОТ 19 МАЯ 2016 ГОДА № 17/6 «ОБ УТВЕРЖДЕНИИ ГОСУДАРСТВЕННОГО ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ЗАКАЗА НА ДОШКОЛЬНОЕ ВОСПИТАНИЕ И ОБУЧЕНИЕ, РАЗМЕРА ПОДУШЕВОГО ФИНАНСИРОВАНИЯ И РОДИТЕЛЬСКОЙ ПЛАТЫ В РАСЧЕТЕ НА ОДНОГО ВОСПИТАННИКА НА 2016 ГОД В ДОШКОЛЬНЫХ ОРГАНИЗАЦИЯХ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК».

**Постановление акимата города Приозерск**
**от 18 августа 2016 года № 29/1.**
**Зарегистрировано в Департаменте юстиции Карагандинской области**
**14 сентября 2016 года за № 3958.**

В соответствии с Законом Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», акимат города Приозерск **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1.Внести в постановление акимата города Приозерск от 19 мая 2016 года № 17/6 «Об утверждении государственного образовательного заказа на дошкольное воспитание и обучение, размера подушевого финансирования и родительской платы в расчете на одного воспитанника на 2016 год в дошкольных организациях города Приозерск» (зарегистрированное в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за № 3861, опубликованное 1 июля 2016 года в газете «Приозерский вестник» № 26/462) следующее изменение:

приложение к указанному постановлению изложить в новой редакции, согласно приложению к настоящему постановлению.

2.Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на заместителя акима города Приозерск Казиеву Б.А.

3.Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня первого официального опубликования.

**Аким города К. Камзин**

Приложение
к постановлению акимата города Приозерск
от «18» августа 2016 года № 29/1

Приложение
к постановлению акимата города Приозерск
от «19» мая 2016 года № 17/6

### Государственный образовательный заказ на дошкольное воспитание и обучение, размер подушевого финансирования и родительской платы в расчете на одного воспитанника на 2016 год в дошкольных организациях города Приозерск

| № | Вид дошкольной организации образования | Количество воспитанников организаций дошкольного воспитания и обучения | Размер подушевого финансирования дошкольных организаций в месяц (в тенге) | Размер родительской платы в дошкольных организациях образования в месяц (в тенге) | Средняя стоимость расходов на одного воспитанника в месяц (в тенге) |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Государственный | Государственный | Государственный | Государственный |
| 1. | Детский сад | 460 | 23786 | с 2 до 3 лет – 8500<br>с 3 до 5 лет – 9500<br>с 5 до 7 лет – 10500 | 23786 |
| 2. | Дошкольный мини-центр | 160 | 15129 | с 2 до 3 лет – 8500<br>с 3 до 5 лет – 9500<br>с 5 до 7 лет – 10500 | 15129 |

*Мемлекеттік тіл саясаты*

# ҚАРАҒАНДЫДА «ТІЛ ЖАНАШЫРЫ» СЫЙЛЫҒЫНЫҢ ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ

2016-жылғы 16-қыркүйекте Қарағанды қаласындағы «Достық үйінде» Қарағанды облысы әкімінің «Тіл жанашыры» сыйлығын табыстау рәсімі өтті. Дөңгелек үстел басында этномәдени бірлестік өкілдері, ғалымдар, тіл мамандары, журналистер және тағы басқа зиялы қауым өкілдері бас қосты.

Облыс әкімінің «Тіл жанашыры» сыйлығы жылына бір рет мемлекеттік тіл саясатын насихаттап, оны іске асыру шараларына белсене ат салысып жүрген азаматтар арасында өткізіледі. Ағымдағы жылғы байқауға облыс аумағынан 28 адам құжаттарын ұсынып, 4 номинация бойынша 6 адам жеңімпаз деп танылды. Жеңімпаздар облыс әкімінің салтанатты қабылдауында болып, арнайы жүлделермен марапатталды.

Байқау лауреаттары болып «Мемлекеттік тіл – мемлекеттік қызметте» номинациясы бойынша Қарағанды облыстық мәслихаты аппаратының бас инспекторы А.Ж.Жүнісбек, «Тіл жаршысы» номинациясы бойынша қазақ тілді басылымдар арасында «Приозерский вестник» газетінің тілшісі Н.Қ.Карабеков, ал орыс тілді басылымдар арасында облыстық «Индустриальная Караганда» газеті бас редакторының орынбасары Г.М.Искакова, «Үздік телехабар» номинациясы бойынша қазақ тілді телехабарлар бойынша облыстық «Қазақстан-Қарағанды» телеарнасының редакторы, журналист Б.М.Тілегенов, ал орыс тілді телехабарлар бойынша «5 арна» телеарнасының журналист-тележүргізушісі А.Т.Иса танылды.

«Тіл жанашыры» сыйлығының бас жүлдесі «Тіл майталманы» номинациясы тіліміздің мемлекеттік тұрғыда кең қолдау тауып, насихатталуына зор үлес қосып, өңірімізде айтыс өнерінің кең өріс алуына, түрлі рухани шығармашылық байқаулардың өткізілуіне қолдау көрсетіп жүрген Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ-нің оқытушысы, ф.ғ.д, профессор Қ.Д.Асановқа берілді.




Облыс аумағында мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыру және мемлекеттік тілді дамыту мен оның қолдану аясын кеңейту үшін барлық мүмкіндіктер жасалған. Мекемелер мен ұйымдарда арнайы курстар ашылып, ғылыми-әдістемелік материалдар басылып, таратылады. Мемлекеттік тілді меңгеруге байланысты өткізілетін әртүрлі байқауларға қатысатын өзге ұлт өкілдерінің саны жыл өткен сайын артып келеді.

**Н.ӨТЕП**
***Қарағанды қ.***
***(2016ж.16.09.)***

## СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ *** ТЕЛЕФОНЫ ДОВЕРИЯ

**"Приозерск қалалық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі сенім телефоны 5-49-16**
Мәслихат хатшысы азаматтарды жеке мәселелері бойынша күн сайын, демалыс күндерінен басқа, сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін қабылдайды.

**Телефон доверия ГУ "Аппарат Приозерского городского маслихата" 5-49-16**
Секретарь городского маслихата принимает граждан по личным вопросам ежедневно с 17.00 по 18.00 часов, кроме выходных
***
**"Приозерск қаласы әкім аппараты" ММ сенім телефоны 5-41-53**
Азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: Қала әкімі - әр аптаның дүйсенбі күні сағат 17.00 ден бастап. Әкім орынбасары (коммуналдық сала) - әр аптаның сейсенбі күні сағат 17.00 ден бастап. Әкім орынбасары (әлеуметтік сала) - әр ап-таның сәрсенбі күні сағат 17.00 ден бастап

**Телефон доверия ГУ "Аппарат Акима города Приозерск" 5-41-53**
График приема граждан:
Аким города - еженедельно по понедельникам с 17.00 часов
Заместитель Акима (коммунальная сфера) - еженедельно по вторникам с 17.00 часов
Заместитель Акима (социальная сфера) - еженедельно по средам с 17.00 часов.
***
**«Приозерск қаласының ветеринария бөлімі » мемлекеттік мекемесінің сенім телефонының нөмірі: (871039)5-32-45**
Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі - Әр аптаның дүйсенбі-бейсенбісі сағат 16.00 ден бастап 18.00 дейін

**Телефон доверия ГУ «Отдел ветеринарии города Приозерск», (871039)5-32-45**
График приема граждан руководителем отдела – Еженедельно понедельник- четверг с 16.00 до 18.00 часов.
***
**«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 5-30-82**
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - сейсенбі, бейсенбі күндері сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін

**Телефон доверия ГУ «Отдел внутренней политики, культуры и развития языков города Приозерск» 5-30-82**
График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела – по вторникам и четвергам с 17.00 до 18.00 часов
***
**"Приозерск қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушыларкөлігі және автомобиль жолдары бөлімі" ММ сенім телефоны 5-28-57**
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін.

**Телефон доверия ГУ "Отдел жилищно - коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции города Приозерск" 5-28-57**
График приема граждан руководителем отдела ежедневно с 17.00 до 18.00 часов.
***
**«Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ сенім телефоны: 5-32-48**
**Телефон доверия ГУ «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства города Приозерск»: 5-32-48**
***
**«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 5-21-08**
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтармен қабылдау уақыты: дүйсенбі, сәрсенбі сағат 17.00ден 18.00-ге дейін.

**Телефон доверия ГУ «Отдел занятости и социальных программ города Приозерск» 5-21-08.**
График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела: понедельник, среда, с 17.00 часов до 18.00 часов
***
**"Приозерск қаласының білім бөлімі" ММ сенім телефоны: 5-32-92**
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты сәйсенбі күні: 16.00 ден 18.00-ге дейн

**Телефон доверия ГУ "Отдел образования города Приозерск" 5-32-92**
График приема граждан руководителем отдела вторник: с 16.00 до 18.00 часов
***
**«Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ сенім телефоны 5-32-99**
Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі - сәрсенбі сағат 17.00ден 18.00ге дейін.

**Телефон доверия ГУ «Отдел предпринимательства и сельского хозяйства города Приозерск» 5-32-99**
График приема граждан руководителем отдела- среда с 17.00 до 18.00 часов
***
**«Приозерск қаласының құрылыс бөлімі» ММ сенім телефоны 5-20-17, 5-32-18.**
Бөлімнің басшысының азаматтарды қабылдау кестесі –дүйсенбі – жұма сағат 16.00 ден 18.00 ге дейін.

**Телефон доверия ГУ «Отдел строительства города Приозерск» 5-20-17, 5-32-18.**
График приема граждан руководителем отдела - понедельник – пятница с 16.00 до 18.00 часов
***
**«Приозерск қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ – нің сенім телефоны 5-29-62.**
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: сәрсенбі күні: 17.00 ден және жұма күні: 18.00 ден бастап

**Телефон доверия ГУ «Отдела физической культуры и спорта города Приозерск» 5-29-62.**
Личный прием граждан руководителем отдела: среда с 17.00, Пятница с 18.00 час.
***
**«Приозерск қалалық тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасы» ММ сенім телефоны 5-41-13**

**Телефон доверия РГУ «Приозерское городское управление по защите прав потребителей» 5-41-13**
***
**"Приозерск қаласының экономика және қаржы бөлімі" РММ сенім телефоны: 5-32-19, 5-24-87**
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтармен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00 ден бастап.
**Телефон доверия ГУ "Отдел экономики и финансов города Приозерск" 5-32-19, 5-24-87**
График приема граждан руководителем отдела - ежедневно с 17.00 часов.

## ХАБАРЛАНДЫРУ *** ОБЪЯВЛЕНИЯ


**БОЛЬШОЕ ПОСТУПЛЕНИЕ НОВЫХ МОДЕЛЕЙ**
***
Всё в наличии со склада в г.Балхаш (производство Россия).
***
**Возможен кредит:**
Евразийский банк. (форма оплаты любая)



### ДВЕРИ В Г.БАЛХАШ
***
Межкомнатные -от 8500 тг.
Стальные - от 49000 тг.
Арки - межкомнатные-универсальные, замки, навесы, ручки, защелки, пена.
**Адреса:**
1.г.Балхаш, торговый дом "Мерей", ул.Ленина-14, тел.: 8(71036)5-84-04.
2.г.Балхаш, магазин "Эльдорадо", микрорайон Мухамеджанова-5, тел. 8(71036)5-21-93, 8-777-976-40-01.
**Время работы:** с 10 до 19 часов.
*(без выходных, без перерыва)*

### ПАРИКМАХЕРСКАЯ «МИЛОЛИКА»
**Предлагает услуги по мужской и женской стрижкам, укладке, по маникюру, наращиванию ногтей и педикюру.**

**Ждем Вас по адресу: ул. Космонавтов, 5-107, телефон: 5-50-81**
**Время работы: с 10.00 час. до 19.00час.**
**Выходной - Понедельник**

**На маникюр и педикюр запись по телефону: 8-771-699-32-89**




### ПРОДАЕТСЯ
### Разное
Моно-колесо СХМ (Китай), белый цвет, б\у, с голосовым интерфейсом, светодиодная подсветка, USB-порт, в комплекте с зарядником от 220 В. АКБ хватает на 2-3 дня активного использования, запас хода - 100 км. в пользовании 1 месяц, ХТС. За ненадобностью.
Разумный торг уместен.
телефон для справок: 87072040260.
***
Блок-фара левая, а\м Мазда-626, (переходка), б\у, в хор. состоянии
Телефон: 87072040260

### ПРОДАЕТСЯ
### Автомобили:
а/м Мицубиси Спейс-вагон, 1996 г.в., цвет "морская волна", 7 мест, КПП - 5-мех. 2SRS, круизконтроль, шины Амтел-ДС+ зимние шины Амтел (шипы, 1 сезон), ХТС.
Торг у капота.
телефон: 87054666063

### НЕДВИЖИМОСТЬ
### КУПЛЮ
Гараж металлический, 4*5 м. В хорошем состоянии. (недорого)
Телефон: 87054666063, 5-26-76

### УСЛУГИ
**Установим натяжные потолки.**
**Быстро, качественно, с гарантией.**
**Обращаться по телефону: 87026988613, Мади.**

### МАГАЗИН "МАГНАТ"
Предлагает Вашему вниманию широкий выбор различных электротоваров. В наличии сотовые телефоны и аксессуары по самым лучшим ценам в городе! Мы работаем с казахстанскими банками (кредит). **Центральный рынок, бут.№7**



**Собственник: ИП Бухарбаева А.А.**
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан
Свидетельство о постановке на учет СМИ **№ 15037-Г** от 26.12.2014г.
**Адрес редакции**: 101100 г. Приозерск, ул.Космонавтов, д.5-107.
**Справки по тел.** +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)
**E-mail**: prz_westnik@mail.ru **Веб-сайт**: www.prio-vestnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15. Заказ № 38/474. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2,4 стр.

**Главный редактор: Кенжебеков Б.А.**
**Технический редактор: Струментов А.В.**
**Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63**
**Корреспонденция принимается на электронный адрес:** prz_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганде, а также по подписке во всех городах и районах области.
**Подписной индекс - 65041**


*Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.*